

"Кедендік алып жүру туралы ережеге" (ҚР КК-інің 7.12.95 ж. N 193-П бұйрығына) өзгерістер енгізу туралы" Әділет министрлігіндегі тіркеу нөмірі N 144 18.01.96 ж.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің бұйрығы 15.11.1996 жылғы 236-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 25 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 28. Күші жойылды - ҚР Кеден комитетінің 1997.03.28. N 74-П бұйрығымен. ~V970041

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының талаптарына сәйкес келтіру және тауарлардың жеткізілуіне кедендік бақылауды күшейту мақсатында бұйырамын:

ҚР КК-інің 7.12.95 ж. N 193-П V950144_ бұйрығымен бекітілген "Кедендік алып жүру туралы ережеге" төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

- 1.6-тармақтың 3-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын: "көлік құралы - контейнерлерді және басқа да көлік жабдықтарын қосқанда халықаралық жолаушылар тасымалдау үшін қолданылатын кез келген көлік құралы";

- 2.2-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын: "тауардың сипаты мен мәртебесі (акцизделетін тауарлар, лицензияландырылатын тауарлар, әкелінуіне өзге де мемлекеттік органдардың рұқсаты талап етілетін тауарлар, келісім-шартының сомасы 3 мың АҚШ долларынан асатын тауарлар)".

Т ө р а ғ а